



ЖАСТАР САЯСАТЫ БӨЛІМІ

Жастар саясаты бөлімінің өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарын, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (әрі қарай – ОҚМА) Жарғысын, ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады. Жастар саясаты бөлімі «ОҚМА» АҚ-ның өз алдына бөлек құрылымдық бөлімі болып табылады және Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректорға тікелей бағынады.

**Жастар саясаты бөлімі құрамына:
Психолог маман, Баспасөз хатшысы және Студенттерге қызмет көрсету орталығы кіреді.**

Жастар саясаты бөлімінің негізгі мақсаттары мен міндеттері

ОҚМА-да оқытушылар мен студенттер арасындағы әлеуметтік жұмыстарды ұйымдастырып жүргізу, әлеуметтік аз қамтылған оқытушылар мен студенттердің мүдделерін қорғау, оқытушылар мен студенттерді ынталандыру шараларын жүзеге асыру, тәрбие жұмыстарын жоспарлау, оларды жүзеге асыру, мемлекеттік деңгейдегі жоспарлар мен шараларға сәйкес және ОҚМА ішкі тәртібі мен Миссиясына бағыттап жастар саясатын жүзеге асыру болып табылады.

Академияның тәрбие жұмысы әр оқу жылының басында «Ғылыми Кеңесте» бекітілетін «Тәрбие жұмысының Кешенді жоспарына» сай жүргізіледі.

Жастар саясаты бөлімінің тәрбие жұмыстары 9 бағыт бойынша жұмыс атқарады

Патриоттық
сананы
қалыптастыру

Құқықтық
тәрбие

Рухани-
адамгершілік
даму

Этносаралық
толеранттылық
пен қоғамдық
келісімге
тәрбиелеу

Тәрбие жүйесін
жетілдіру

Салауатты өмір
салтын
қалыптастыру

Жастар
бастамаларын
қолдау

Шетел
студенттерімен
жұмыс

Ақпараттық-
насихаттау
жұмысы

Патриоттық сананы қалыптастыру бойынша іс-шаралар



- ▶ «27 қыркүйек Тілдер мерекесіне арналған іс-шара»



- ▶ «25 қазан Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеру рәсімі»



- ▶ «25 қазан Республика күніне арналған салтанатты іс-шара»



- ▶ I курс студенттеріне “Тұсаукесер-2024” іс-шарасы өткізілді.

Рухани-адамгершілік даму бойынша іс-шаралар



- ▶ Академия студенттері Жалпы қалалық сенбілікте



- ▶ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» сенбілік акциясы



- ▶ Қаныш Имантайұлы Сатбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай семинар



- ▶ Жастар ұйымдарының тимбилдингі

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу бойынша іс-шара



- ▶ 27 –қыркүйек «Тілдер мерекесі» түрлі ұлт өкілдері арасында аталып өтті

Құқықтық тәрбие бойынша іс-шара



- ▶ «Отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу



- ▶ Жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу іс-шарасы бойынша жатақхана студенттерімен кездесу



- ▶ «Жезөкшелікпен айналысуға немесе өзге де сексуалдық сипаттағы қызмет көрсетуге тартудың қылмыстық жауаптылығы»



- ▶ Дін өкілдерімен кездесу

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шаралар



- ▶ Тоғызқұмалақтан рекорд орнату



- ▶ “Дені сау ұрпақ” тақырыбына арналған іс-шара



- ▶ ОҚМА белсенділері Шымкент марафон-2024

Жастар бастамаларын қолдау бойынша іс-шара



- ▶ «SKMA FEST» Ұйымдар
▶ жәрмеңкесі



- ▶ "Жас волонтер" жобасы аясында ерікті жастармен кездесу

Тәрбие жүйесін жетілдіру бойынша іс-шара



- ▶ «Заң - сіз бен бізге ортақ» тақырыбында Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу

- ▶ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТАҚЫРЫБЫНДА ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ



- ▶ «Ойынға құмартпа» тақырыбында

Шетел студенттерімен жұмыс бойынша іс-шара



- ▶ Шетел студенттерімен миграция мәселелері бойынша өткізілген жиналыс

Білім алушыларды әлеуметтік қолдау

Оқу жылының басында әлеуметтік-осал топтағы студенттер анықталды

№	Әлеуметтік жағдайы	Студент саны
1	Тұл жетімдер саны	37
2	Жартылай жетімдер саны	197
3	Көп балалы отбасы	849
4	Мүгедектер Оның ішінде:	34
	1 топ	-
	2 топ	12
	3 топ	22

2024-2025 оқу жылында көрсетілетін көмектер

Іс-шаралар	Студент саны
Орталық су спорт кешеніне тегін абонемент	20
Академия асханасынан тегін тамақ	40
Жатақхана студенттеріне азық-түлік	-
Театрға билет	60
Кажымұқан фитнес клуб	20
Барлық кафедраларға бөлінген әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге көмек көрсетілуде	38
Жалпы:	178

БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕР

10.11.2024 ж. күні Шымкент қаласында "Болашақ" пікірсайыс орталығының ұйымдастыруымен "INTELLEGENТ CUP II" аймақтық пікірсайыс турнирі өтті. Турнирге "Болашақ" академиялық жастар орталығына қарасты "Зиялы Қазақ" интеллектуалды пікірсайыс клубының мүшелері қатысты. Турнир нәтижесі бойынша клуб төрайымы Егізбай Адас Мақсатқызы Линкольн-Дуглас форматы бойынша жүлделі 1 орынды және чемпион кубогын иеленді.



«ОҚМА»АҚ жанындағы медицина колледжінде «Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады» тақырыбында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында өткен қалалық пікірсайыс турнирі бойынша Зиялы қазақ ұйым мүшелері Манап Абылайхан мен Әділбек Нұрсұлтан ІІ орын иеленді.



**Назарларыңызға
рахмет!**